

# Абай шығармаларының аудармасы

Абайдың таңдамалы шығармаларының орыс тілінде шыққан бір томдығы жұртшылыққа тарала бастады. Бұл кітап Москва қаласында. Мемлекеттік көркем әдебиет баспасында басылып шыққан. Тиражы 25000 дана, бағасы 7 сом. Кітаптың іші-сырты қазақтың ою-кестелерімен нақышталған.

Кітаптың редакциясын басқарған советтің көрнекті жазушыларының бірі, қазақ әдебиетінің игілігіне үнемі ат салысып келе жатқан досымыз Леонид Соболев жолдас.

«ХАЛЫҚТЫҢ ауыр хасіретінің ғажап жаршысы болған Абайдың даусы да бүкіл совет елінің ой-аспанын жаңғыртырсын, ұлы социалистік революция қазақ халқын қандай қара түнектен алып шыққанын Советтер Одағының халықтары ұғатын болсын» дейді Соболев жолдас өзінің кітапқа жазған кіріспе сөзінде.

Кітапқа Мұхтар Әуезов жолдастың "Абай Құнанбаевтың өмірі мен еңбектері" деген мақаласы енгізілген. Мұхтар жолдас бұл еңбегінде Абайдың өмірі мен творчествосының алуан сырлы кезеңдерін үлкен шеберлікпен, ғылыми терең мәнді етіп берген.

Абай шығармаларын бүкіл совет елінің халықтарына, оның ішінде, әресе, ұлы орыс халқына толық жеткізу біздің әдебиетіміздің үлкен бір мәселесі еді. Бұл мәселе, Абай шығармаларының осы жыйнағының басылып шығуымен байланысты бірсыпра шешілген сыяқты.

Мұның өзі бүкіл совет әдебиетінің күрделі бір мәселесі екенін осы жыйнақты шығаруға қатысқан жолдастар терең ұғынған. Абайдың осы жыйнаққа енген таңдамалы шығармаларын (өлеңдерін, поэ-

маларын, ғаклиясын) аударуға ұлы орыс халқының жыйырма бес шақты ақын-жазушылары ат салысқан. Абай шығармаларын аударған Липскеров, Гатов, Карaban, Липкин, Тарловский, Бродский, Рождественский және басқа жолдастарға Абайдың бүгінгі ұрпақтары шын туысқандық ниетпен алғыс айтуға тиіс.

Бұл жыйнақтың жұртшылық сүйсінгендей ерекше бір хасіреті бар. Ол хасірет— Абай шығармаларының аудармасы түп нұсқадан онша алшақ кетпей бірсыпра дұрыс шыққанында. Жасыратыны жоқ Абай шығармаларының бұдан бұрын шыққан аудармалары түп нұсқаға жақындық жағынан да, көркемдік құндылығы жағынан да ойдағыдай болған еместі. Ал, мына жыйнақ бұл жағынан көңіл толарлық болып шыққан.

Абайдың осы жыйнаққа енген шығармаларын аударған жолдастар ұлы ақынның жан толқынын, сырын, жүрегінің отын, ақылының алтын шұғласын, ұлттық ерекшелігін, түр және мазмұн өзгешеліктерін орыс халқына айнытпай жеткізуге, орыс әдебиетінің, одан ары, бүкіл дүние әдебиетінің әлемінде Абайдың өз тұлғасын ашық көрсетуге ерінбей еңбек сіңірген. Біздің өлең-жыр аударушыларымыздың ішінде «еркін аударма» деген «қағиданы» көбірек қолданатын жолдастар бар. Ол «қағиданы» қолдап жүрген аударушылардың еңбектерінің нәтижесін біздің бұрын-соңды орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға аударылған өлең-поэмаларымыздан көріп келе жатырмыз. Ондай аудармалардың өмірлері онша баянды бола қоймайтынын жұртшылық түсінген.

Әрине, ондай «еркін аударма» қағидасына Абай сыяқты ұлы ақын сыймақ емес. Абай шығармаларын аударған жолдастар еркін аударма емес, шын творчестволық аударма қағидасын берік ұстаған. Бұл жолдастар біздің кейбір аударушыларымызға сабақ боларлықтай іс істеген.

Алайда, Абай шығармаларын орыс тіліне аудару мәселесі әбден шешіліп болды деуден аулақпыз. Қай ұлы шығарманы алмалық, оны бірден толық жеткізіп, түп нұсқасындай толық құнды етіп аударуға өте қыйын мәселе. Абай поэзиясының алуан хасіреттері мәдениетіміз, әдебиетіміз өскен сайын тереңдеп ашыла бермек. Сол сықылды, Абай шығармаларының аудармасы да барған сайын жақсара бермек. Абай поэзиясының түп нұсқасымен толық тең түскен, шынына шығып тоқтаған аудармасын біз әзір алдан күтуге тиіспіз.

Абайдың осы жыйнағына еніп отырған аудармалар бұл күнге дейін қазақшадан орысшаға аударылған шығармалардың ішіндегі ең бір бағалылары. Бірақ, осылардың өзінде, түп нұсқамен салыстыра келгенде, кейбір алшақтау кеткен түп нұсқаға жетпей жатқан жерлер кездесіп отырады.

Мысалы: «Бүркітші тау басында, қағушы ойда,

Іздің бетін түзетіп андағанда» дегенді. «Всадник с беркутом скачет во весь опор:

Направление следа заметил взор» деп аудару,

немесе:

«Төмен ұшсам түлкі ерлеп құтылар» деп,

Қанды көз қайқаң қағып шықса аспанға...

дегенді:

«Слишком низко мы скачем уйдет лиса!»

Так подумав, он взмоет к вершинам гор»— деу, әрине, дәл аударма емес. (Жыйнақтың 7-бетін қараңыз. Аударған С. Липкин).

«Белый лоб—серебро, чей тонок чекан» («қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы»). «Он глазами лучистыми осиян» («Аласыз кара көзі нұр жайнайды»); «Нос ее-славного выточен на лице?» («Маңдайдан тура түскен қырлы мұрын»); «Шелк завидовать может шее такой» («Жұп-жұмыр, ақ торғындай мойны бар») деген аудармалар Абай берген суреттің бояуына жетпей жатыр. (Жыйнақтың 9 бетіндегі Тарловскийдің аудармасын қараңыз).

Әрине, Абай шығармаларын аудару жұмысының қазіргі кезеңінде мұндай кемшіліктер болмай қалмақ емес. Бірақ, ондай кемшіліктерді алдағы уақыттарда жөндеп отыру арқылы Абай шығармаларының ең таңдаулы аудармаларын жасауды мақсат етуіміз керек. Тек Абай поэзиясы емес жалпы поэзия аудармасының сапасын көтеруге бет алуымыз керек.

Жоғарыдағыдай бір аз кемшіліктері бола тұрса да, Абай поэзиясының осы аудармалары, бұрынғы аудармаларға қарағанда, әлде қайда жоғары екенін тағы да айтамыз.

Қазақстан совет жазушылары ұйымы мен Қазақ ССР Ғылым Академиясының тіл-әдебиет секторы Абай шығармаларын орыс және басқа ұлттар тілдеріне не ғұрлым көбірек, не ғұрлым сапалырақ етіп аудару мәселесін әр дайым құнттап, қолдап отыруға тиіс. Абай бүкіл дүние халықтарының тілдеріне аударылуға тиіс. Ол үшін Абай шығармалары, ең алдымен, ұлы орыс халқының тілінде жақсы аударылуы керек.

**Қасым АМАНЖОЛОВ.**